

Хаттама

Рабат ауылы
12.10.2022ж.

№1

Мектепшілік ата-аналар мәжілісі.

Төрағасы-Оспанов Е.Е

Хатшысы:Нарбаева К.К.

Қатысқандар:91 адам (1-11 сынып ата-аналары, мектеп директоры,ДТЖО, ДОТЖО, мектепшілік ата-аналар комитетінің төрайымы сынып жетекшілері)

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарының қорытынды есебі, 2022-2023 оқу жылының міндеттері (мектеп директоры Оспанов Е. ДОТЖО Нұржанов С, ДТЖО Байшанова Ш.)
2. Оқушылардың қауіпсіздігі туралы (ҚББП Әбдәкім Б.)
3. 2022-2023 оқу жылындағы жалпы мектепшілік ата-аналар комитетін құрамын сайлау (мектеп директоры Оспанов Е.)

Тыңдалды:

Директор Оспанов Е.Е. күн тәртібіндегі мәселеге тоқтала отырып, ата-аналарды таныстырды.Осы оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысындағы жаңалықтармен таныстырды.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ДОТЖО Нұржанов С. 2021-2022 оқу жылында 620 оқушы бітірді. Оның ішінде 1-4- сыныптар -234, 5-9-сыныптар - 323(қыз 166) , 10-11 сыныпта-63(қыз 30) бар екенін айтып, 2021-2022 оқу жылындағы 1-11 сыныптарда білім сапасына әр сынып бойынша тоқталды. Мектеп бойынша

I тоқсан-42,8

II тоқсан-45,94

III тоқсан-46,92

IV тоқсан 46,6

2021-2022 о.ж. жылдық қорытынды білім сапасы-50% жалпы мектеп бойынша «үздік оқушы-97 оқушы» екпінді оқушы 187 оқушы.

Ең жоғары жылдық білім сапасы 2 «а» сыныбы (жетекшісі Жанбирова Б.)-75% екінші орын білім сапасын 8«Б» сынып 66,9% үшінші білім сапасын «9А» сынып (жетекшісі Таубаева С.)-57%.Ең төменгі көрсеткіш-9Б сынып -23% білім сапасы көрсеткішін көрсетті.Жалпы оқу жылы барысындағы оқу-тәрбие, тәрбие жұмысына талдау жасай келе ата-аналарды білімге құштарлығын дамытуға шақырды.

2. ДОТЖО Мұздыбаева Г. 2021-2022 оқу жылындағы оқушылармен атқарылған жұмыстарға талдау жасады.Оқу жылы барысында жаратылыстану математика бағытында аудандық олимпиада 9-11 сынып оқушылары нәтижесі төмендегідей:

1. Ержанқызы А. (10ә сынып)-I орын (ағылшын т)
2. Әлім Аяжан (9б сынып)-II орын (қазақ т)
3. Рахматулла (9б сынып) –III орын (математика)
4. Сапарбек А. (10а сынып)-III орын (Қазақстан тарихы)
5. Өмірзақ А. (10а сынып)-II-орын (биология)
6. Бақыт Д. (11 сынып)II-орын (химия)
7. Мелдебек Ж. (11 сынып)-III-орын (Қазақсатан тарихы)

Спорт саласы бойынша жетістіктер:

1. Шахар Р.-Халықаралық жастар арасында Францияда өткен турнир жеңімпазы.
2. Ләсім Е.-грек-рим күресі бойынша турнир жеңімпазы.
3. Алтынбеков Ф.бокс спортында облыстан бірінші орын жеңімпазы.
4. Мұратұлы Д.-дойбыдан I-орын иегері.

С.Қ. «Яссаутани» республикалық байқау жеңімпазы I-орын иегері Абдіқадір Абат және барлық жетістіктерге тоқтала келе, ата-аналарға кеңес берді.

2021-2022 оқу жылында ДТІЖО Байшанова Ш. қаулыда атқарылған жұмыстарға тоқталды.Оқу жылы барысында мектебімізде 11Б есепте тұратын оқушы жоқ.Мектепте есепте тұратын 3 оқушы бар. Мобильді топ жұмыс атқарады, құрамында мектеп директоры, ата-аналар комитетінің төрайымы, «жастар» ресурстық орталығы директоры Ә.Шәріпхан, ДОТЖО,ДТЖО сайланған.Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша жұмыс атқарды.Оқушылар арасында суицидтің, зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында бұйрық шыққан және жұмыс атқаруда.Сынып белсенділері мектепте атқарылған жұмыстарға тоқталды. «Алғашқы қоңырау», «Тіл мерекесі», «Денсаулық фестивалі», кәсіби мерекелер т.б. фестивальдар, конкурстар,мерекелік іс-шаралардың өткізуіне талдау жасады.Мектепте үйірме, клубтар, секцияларға қатысуына талдау жасай келе, мектеп бойынша 187 бала қатысады.ДТІЖО жыл барысында оқушылар жетістіктеріне тоқталды.Балалардың ата-аналарына алғыс білдірді.Дегенмен, оқушыларда кездесетін кемшіліктерге тоқталды.Оқушы формасы, сумкасының кішірейіп кетуі,уақытылы сабаққа келуі ата-аналар.Сіздер тарапынан кездесіп жатқан кемшіліктер, деп қорытындылай келе жауапкершілікпен қарауын сұранды.

Қаулы:

1. 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын;
2. Оқушылардың тәрбиесіне қатысты ата-аналар жауапкершілігін күшейту, отбасындағы тәрбиенің шешуші рөлін негізгі құндылық негізінде бағалап, қоғамдық қолдау көрсеткіштігін насихаттау жұмысы жүргізілсін;
3. Оқу-тәрбие процесін жақсарту мақсатында мектеп ата-ана байланысын,психолог, социолог байланысын нығайту мақсатында аптаның әр сәрсенбі күнін «Ашық есік» күні деп белгіленсін;
4. Оқушылардың сабақ процесіне, үй тапсырмасын орындап ата-аналар тарапынан бақылауды күшейту, «Күнделік KZ» электронды журналына кіру,қадағалау ата-аналарға жүктелсін.
5. Оқушылардың ұялы телефондары бағалы заттарды мектепке әкелуге, және кешкі сағат 22.00-ден кейін көшеде,қоғамдық орындарда тыйым салынатыны ата-аналарға ескертіп, қадағалау жүктелсін;
6. Оқушылардың сабақтан себепсіз қалуының алдын-алу мақсатында ата-ана жауапкершілігін күшейту жүктелсін;

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры Оспанов Е.Е. оқушылардың қауіпсіздігіне жауапты маман ҚББП Әбдікәрім Балжанға сөз берді:ҚББП оқушыларға жарық шағыстырылған (свето отражатель) лентасын тағып қою, қауіпсіздікті қамтамасыз ететінін атап өтті.Көшеде, көше қиылысында сақтау , оқушы көше тәртібін сақтауды үйрету керектігін атап өтті. Қарақия елді мекенінен оқушылар Төлеби ауданы ББ .тасымалдауымен барып келіп оқиды.Ата-аналар таңертең ерте тұрғызып жіберу, көлік күту кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуіміз қажет.

2.Қаулы:

1. Оқушылардың мектепке барып келу кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-аналарға жүктелсін.
2. Жолда жүру ережелерін оқушыларға түсіндіру жұмысын жүргізу сынып жетекшелеріне жүктелсін.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселесі бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы Қ.Байболова оқу жылында атқарған жұмыстарға тоқталды. Оқу жылы барсында барлық сынып ата-аналары оқу-тәрбие жұмысына педкадрлармен, сынып жетекшілермен байланысып жұмыс атқарды.

Сабақта Lesson Study зерттеу нысаны ретінде 6 «а» сыныбында да сынып жетекшісі Келдібекова Ұлжан ата-аналарға сабақ өтіп, бағалау түрлері, тиімділігі жаңартылған білім туралы ақпарат берілді дей келе ата-аналар жұмысына әр сынып бойынша талдау жасады. Байболова Қ. Ата-аналарды мектеп ережесін ауытқымай баланы тәрбиелеуге шақырды. Мектеп директоры оқу-жылы барысында Қарлығаш апайдың атқарған жұмысына алғыс білдірді. Ата-аналар арасынан мектеп ата-аналар комитеті сайланды.

3 Қаулы:

3.1. Мектепшілік ата-аналар комитететі құрамы бекітілсін:

1. Бисебаева Гүлзира
2. Петралиева Дамира
3. Төтеев Ертіс
4. Шымырбаев Мақсат
5. Нақыпбекова Анар
6. Байболова Қарлығаш
7. Сергебаев Мұхтар

3.2 Мектепшілік ата-аналар комитеті төрайымы болып Байболова Қарлығаш бекітілсін.:

3.3 2021-2022 оқу жылы ата-аналар комитетінің атқарған жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

3.4 Мектепшілік «Әкелер кеңесі» жанындағы мақсат-міндеті айқындалып, төмендегідей құрамы бекітілсін:

1. Жиенбек Ермек
2. Таукеев Марат
3. Желдібаев Ілияс
4. Сергебаев Мұхтар
5. Бакиров Нұржан

3.5. Мектепшілік «Әкелер кеңесі» төмендегідей құрамы бекітілсін:

1. Айгендиева Н.
2. Сауранова Л.
3. Даржанова А.
4. Мансурова К.
5. Нуржанова С.

Төрайымы: Е.Е.Оспанов
Педагог-психолог: У.Джаксибаева

Хаттама

07.02.2020жыл

Рабат ауылы

Төрайымы: К.К.Нарбаева

Қатысқандар-65 адам(5-11 оқушылардың ата-аналары)

Күн тәртібіндегі:

1. 2020-2021 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарының қорытынды есебі, 2021-2022 оқу жылының міндеттері (мектеп директоры Оспанов Е. ДОТЖО Нұржанов С, ДТЖО Байшанова Ш.)
2. «Баланың басты ұстазы - ата-ана»

Тыңдалды:

Тыңдалды:

Директор Оспанов Е.Е. күн тәртібіндегі мәселеге тоқтала отырып, ата-аналарды таныстырды.Осы оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысындағы жаңалықтармен таныстырды.Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша ДОТЖО Нұржанов С. 2020-2021 оқу жылында 685 оқушы бітірді. 1-4- сыныпта-268, 5-9-сыныпта 324(қыз 166) , 10-11 сыныпта-57(қыз 30)

2020-2021 оқу жылындағы 1-11 сыныптарда білім сапасына әр сынып бойынша тоқталды. Мектеп бойынша

I тоқсан-41,8

II тоқсан-44,97

III тоқсан-45,94

IV тоқсан 45,6

2020-2021 о.ж. жылдық қорытынды білім сапасы- 50,7 % жалпы мектеп бойынша «үздік оқушы-103 оқушы» екпінді оқушы 200 оқушы.

Ең жоғары жылдық білім сапасы 8 «а» сыныбы (жетекшісі Сабитова А.)-75% екінші орын білім сапасын 6 «Б» сынып 66,9% үшінші білім сапасын «9 А »сынып (жетекшісі Абуова А.)-57%.Ең төменгі көрсеткіш-8 Б сынып -23% білім сапасы көрсеткішін көрсетті.Жалпы оқу жылы барысындағы оқу-тәрбие, тәрбие жұмысына талдау жасай келе ата-аналарды білімге құштарлығын дамытуға шақырды.

2020-2021 оқу жылында ДТЖО Байшанова Ш. қаулыда атқарылған жұмыстарға тоқталды.Оқу жылы барысында мектебімізде ІІБ есепте тұратын оқушы жоқ. Мектепте мобильді топ мүшелері жұмыс атқарады. Құрамында мектеп директоры ата-аналар комитетінің төрайымы «жастар» ресурстық орталығы директоры Ә.Шәріпхан, ДОТЖО,ДТЖО сайланған.Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша жұмыс атқарды.Оқушылар арасында суицидтің, зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында бұйрық шыққан және жұмыс атқаруда.Мектеп мұғалімдері арасынан түнгі рейд кезекшілері құрылған.Сынып белсенділері мектепте атқарылған жұмыстарға тоқталды. «Алғашқы қоңырау», «Тіл мерекесі», «Денсаулық фестивалі», кәсіби мерекелер т.б. конкурстар, дебаттар, сайыс сабақтар, мерекелік іс-шаралардың өткізуіне талдау жасады.Мектепте 21 ақысыз үйірме, клубтар, секцияларға қатысуына талдау жасай келе, мектеп бойынша 187 оқушы аталған үйірмелерге қатысады.ДТІЖО жыл барысында

оқушылар жетістіктеріне тоқталды.Балалар ата-аналарына алғыс білдірді.Дегенмен, оқушыларда кездесетін кемшіліктерге тоқталды.Оқушы формасы, сумкасының кішірейіп кетуі,уақытылы сабаққа келуі ата-аналар айтылды.Сіздер тарапынан кездесіп жатқан кемшіліктер, деп қорытындылай келе жауапкершілікпен қарауын сұранды.

Қаулы:

7. 2020-2021 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын;
8. Оқушылардың тәрбиесіне қатысты ата-аналар жауапкершілігін күшейту, отбасындағы тәрбиенің шешуші рөлін негізгі құндылық негізінде бағалап, қоғамдық қолдау көрсеткіштігін насихаттау жұмысы жүргізілсін;
9. Оқу-тәрбие процесін жақсарту мақсатында мектеп ата-ана байланысын,психолог, социолог байланысын нығайту мақсатында аптаның әр сәрсенбі күнін «Ашық есік» күні деп белгіленсін;
10. Оқушылардың сабақ процесіне, үй тапсырмасын орындап ата-аналар тарапынан бақылауды күшейту, «Күнделік KZ» электронды журналына кіру,қадағалау ата-аналарға жүктелсін.
11. Оқушылардың ұялы телефондары бағалы заттарды мектепке әкелуге, және кешкі сағат 22.00-ден кейін көшеде,қоғамдық орындарда тыйым салынатыны ата-аналарға ескертіп, қадағалау жүктелсін;
12. Оқушылардың сабақтан себепсіз қалуының алдын-алу мақсатында ата-ана жауапкершілігін күшейту жүктелсін;

Сөз алушы:Дөңгелек үстелді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Нарбаева кездесуге келген қонақтармен таныстырып, дөңгелек үстелді ашық деп жариялады.Залдағы экранда тақырыптық слайдтар көрсетілді.

Отбасындағы ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында ұйымдастырылып,кездесу «Баланың басты ұстазы-ата-ана» тақырыбында бекітілді.Кездесуді мектеп психолгы жүргізіп отырды.Жасөспірімдік кезеңдегі бала мінез-құлығындағы өзгерістер,өтпелі кезең жайлы қысқаша түсіндіріп өтті.Жасөспірімдік кезеңдегі бала мінез-құлқындағы өзгерістер,өтпелі кезең жайлы қысқаша түсіндіріп өтті.

1. Жасөспірімдік жастың психо-физиологиялық ерекшеліктері және бала мінез-құлқындағы олардың көріністер:
1. Нәзіктік,жылылық балаға жат қатыгездіктен көрінеді.
2. Мінез-құлқындағы жүгенсіздік кейде ұялшақтыққа алмасады.
3. Өзіне тым сенімділік шағымды қабылдамаушылығы өзіне сенімсіздікке және қамкөңілдіктен ауысады.
4. Қарым-қатынасқа деген қажеттілік оңаша қалғысы келумен алмасады.
5. Мақсаткерлік пен қайсарлыққа албырттық қосылпды.
6. Арынды әрекетке ұмтылу апатияға ұласуы мүмкін, қандайда бір әрекет етуге талпынысы мен қалауы болмайды.
7. Романтикалық көңіл-күйдің цинизімен, есепқорлықпен шектесуі жиі кездеседі.Тақырыпқа байланысты бейне көрсетіліп,бейне ролик бойынша ата-аналар тарапынан мұғалімдер тарапынан,дін жағынан, ювеналды полиция қызметкері әр маман ашық алаңға шықты.

Жарыссөзге:Сейтқұлов Асқар ауыл биінің орынбасары сөз алып қазіргі уақытта ата-аналар жұмыс басты болып, балаларының киімі бүтін, қарыны тоқ болса болды деп .Балалармен уақыт бөліп әңгімелесу, жақын қарым-қатынастың жоқ екендігін айтып өтті.Сонымен қатар балалар көп уақытын телефонда отырумен өткізеді.Қазіргі уақытта көптеген қиындықтардың басты себепшісі телефонда болып жатыр деп өз пікірін айтты.Бала

тәрбиесі қызу талқыға түсіп залда отырған ата-аналарда өз пікірін білдіріп отырды.Сөз алып өз ойларын анық айтып, қызуығушылық білдіріп отырды.

Жарыссөзге:Құдайбергенова Ақерке мұғалімдер тарапынан шығып егерде осындай тәртібі қиын балаларды дер кезінде анықтап сол балалармен тиісті жұмысты жасамасақ,бала бізге бағынбай кетуі мүмкін деп жарыссөзді әрі қарай жалғастырды.Отбасында балаларымыздың тәрбиесін үнемі бақылап,еркелігі, жалқаулығы шектен шығып жатқан балаларды дер кезінде қадағалап шара қолданып,ізінше айналайын деп арқасынан қағып отырсаңыздар балаларыңыз үнемі сіздердің айтқандарыңыздан шықпайтын ақылды балалар болуына сенемін деп ой білдірді.

Келесі кезекте ата-ана:Абдуаримова Динара ата-аналар тарапынан сөзге шығып отбасында аналар балаларға әкелерін үлгі етіп көрсетсе, әкелерінен ештеңені жасырмай қиындықтарды бірге шешуді үйретсе балаларымыздың тәрбиесі осылай төмендеп кетпес еді деп ойын нақтылап айтты.Осы уақытта белең алып жатқан телефондағы әр түрлі ойындарды ойнап көп уақыттарын телефонда өткізбей, телефонды уақытын шектеп отырса көп мәселенің шешімі болар еді деп сөйледі.

Жарыссөз соңында ауыл иманы

Дөңгелек үстелді жүргізуші мектептің педагог психологы күн тәртібіндегі мәселе бойынша залмен жұмыс жасап, тақырыпты бірге жан-жақты талқылады.Шектен тыс еркімен кеткен қараусыз балалар тәрбиесін қолға алып,дер кезінде қатты айтып, дер кезінде мақтап ынталандырып қажет екендігін айтты.

Ауыл иманы Қалшабеков Тастанбек:Сөз алып балаларымызға ерте жастан руханитілім-тәрбие берсек, балаалрымызға мектептеде діни тәрбиесі мол дін туралы пән енгізген көмегін беріп балаларымыз иманды болып өсермеді деп тоқталды.Кәмелетке толған балаларымыз мешітке барып тәрбиелік маңызы зор уағыздарды көбірекКәмелетке толған балаларымыз мешітке барып тәрбиелік маңызы зор уағыздарды көбірек тыңдап өссе өмірде қиындықтарды жеңуде қиналмас еді деп сөзін аяқтады.

Сөз кезегін ювеналды қызметкері Нұрбеков Талғат:Аудан көлемінде жасөспірімдер арасындағы әр түрлі құқықбұзушылықтар жайлы айтып, көп жағдайдағы құқық бұзушылықтар отбасындағы балалардың қараусыздығын орын алып жатады деп бірнеше мысалдар келтіріп өтті.Жасөспірімдердегі өтпелі кезеңде көпшілік аналарымыз жұмыста кейбір отбасындағы әкелер ішімдіке салынып балалар қараусыз қалып соның есебінен қылмыстық істер орын алып отырғанын айта кетті.Қазіргі уақытта жасөспірімдер қылмыс жасаған жағдайда 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылатындағы жайлы ата-аналарды хабрдар етіп кетті.Осы жасөспірімдердегі өтпелі кезеңде көңіл бөліп түсіністікпен қарасақ жастарымыз ешқандай кедергілерге тап болмай дұрыс бағытқа түсіп кетер деп сөзін аяқтады.

Дөңгелек үстелді жүргізуші мектептің педагог психлогы күн тәртібіндегі мәселе бойынша залмен жұмыс жасап, тақырыпты бірге жан-жақты талқылады.Бала бір тәуліктің 24 сағатын мектепте өткізсе, қалған 18сағатын үйде болады, сондықтан баланың бас ұстазы үнемі ата-ана болып мектепмұғалімдері білім беріп балаларымызды жан-жақты дамыған азаматтар болып өсуіне сенемін деп өз сөзін аяқтады.

Мектеп директорының тәрбие ісіжөніндегі орынбасары дөңгелек үстелді қорытындылап келесі мазмұнда сөйледі.Атап айтқанда:жиналған қауымға ата-аналарға дөңгелек үстелге қатысқандары үшін шын жүректен алғыс білдірілді.Дөңгелек үстел барысында ата-аналар осындай жиналыстың тез-тез өткізіп тұру керекекендігін қазіргі уақытта дөңгелек үстелдің маңыздылығын айтып отырды.Бүгінгі алған кеңестері пайдалы ақпарат жиналған қауым мен балаларға көмектеседі деп үміттенді.Бала тәрбиесі мәселесі бойынша ата-аналар мен енді ғана басталып келетінін айта келе,алдаға уақытта әлі талай кездесулер күтіп күтіп тұрғанын жаңа ата-аналармен дөңгелек үстел болатынын айтты.Жиналған қауымның

балалар үшін тамаша ата-ана болуда және әр сәт сайын оларға махаббат, жылылық пен қамқорлық таныту бақытын тіледі.

Қаулы:

1. Балардың сыртқы ортадағы тәрбиесін қадағалау ата-аналарға жүктелсін.
2. Балалардың мінез-құлқындағы өзгерістер қиындықтарда үнемі бақылап отыру мектептің педагог-психологына жүктелсін.
3. Оқушылар тәрбиесіне қатысты ата-аналар жауапкершілігін күшейтіп, отбасында имандылыққа, ұлттық сана сезімді қалыптастыруға салт-дәстүріміздің қадіріне жетуге баулу жауапкершілікпен қарау ұсынылсын.

Төрайымы: Қ.Нарбаева

Педагог-психолог: У.Джаксибаева